

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

үнсiз еңірейміз. Бұл дағы тіршіліктің, әкеміздің жан амандығының белгісі еді-ау!...» (Шолпан Байсалова-Байтұрсынова. Темір тордан тасталған жұлдызша // Жалын. – 1989. – №2.) – деп есіне алды.

Репрессия шырғалаңына тап болған Ахмет ғұмырының соңғы жылдарының куәгері болған Самырат Кәкішев қыр перзентінің Архангельскіге жер айдалуы, ит жеккенде басынан кешкен қиянатын өз аузынан естіп, санасына тоқыпты (Кәкішев С. Ахаң туралы ақиқат. – Алматы: Қазақстан: Шапағат, 1992).

Естеліктерде қиын қыстау күндері сырт айналмай, бір-біріне қолдау көрсетіп отырған зиялыларымыздың асыл қасиеттерінің зерделенуі ғанибет. 1935 жылы Халық ағарту наркомында Құдайберген Жұбановпен қатар еңбек еткен Данабике Байқадамқызынан Д.Досжанов жазып алған естеліктің айтары теңіздей телегей (Досжанов Д. Абақты. – Алматы: Қазақстан, 1992.).

Адамдық диханшысының шапағатына бөленген Әубек Сатыбалдыұлы, Бәйке Жұмабайұлындай қазыналы қариялардан 1990 жылдары өлкетанушылар Байтұрсын Ілияс, Ибраһим Ағытайұлы, ахметтанушы Райхан Имаханбет жазып алған естеліктер де мәйекті.

Түйіп айтқанда, ел қорғаны, әлеумет қызметкері, ұлт ұстазы, ғылым саңылағы, қалам қайраткері, әулет тірегі бола білген ғұламаның жарқын бейнесін қастерлеуіміздегі таным көкжиегін кеңейтетін естеліктерден алар тәлім мен тағылым сарқылмақ емес.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ МЕДИАЭКОЛОГИЯНЫҢ СИПАТЫ

*ИРГУСАЕВА А.,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
докторанты,
Астана, Қазақстан*

Аннотация. В произведениях и политических заслугах Ахмета Байтурсынова рассматривались сцены медиаэкологии эпохи, в которой он жил. Внимание привлекли переводные сборники поэта «Сорок примеров» и «Маса». Приоритет отдавался роли газеты «Казак», которая была связующим звеном в донесении до широких масс политических взглядов поэта и его борьбы на этом пути. Также мы видели, что казахское общество в то время обращало внимание на слова алашских активистов, и мы поняли, что Ахмет Байтурсынулы занимал среди них престижное положение.

Abstract. In the works and political achievements of Akhmet Baitursynov, scenes of the media ecology of the era in which he lived were considered. The poet's translated collections "Forty Examples" and "Masa" attracted attention. Priority was given to the role of the newspaper "Kazakh", which was a link in communicating to the masses the political views of the poet and his struggle along this path. We also saw that Kazakh society at that time paid attention to the words of Alash activists, and we realized that Akhmet Baitursynuly held a prestigious position among them.

Ахмет Байтұрсынұлының саяси қызмет жолын, кез-келген еңбегі немесе шығармашылығын алсаңыз да медиа экологияның көріністерін, соның ішінде медиасауаттың қырларын аңғару қиын емес. Оның әрбір жазбасы қазақ халқының арасында жағымды көзқарасты қалыптастыру, білім мен өнерге, еңбекке құштарлықты оятуды көздейді. Сауаттылыққа шақырады. Қазақ елінің мүддесін бәрінен жоғары қояды. Атап айтса, 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы авторларының бірі осы Ахмет Байтұрсынұлы болған. Ол арыз-тілекте «жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді.

Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын» [1, 36].

Ахмет Байтұрсынұлының медиа саласындағы еңбегін айтқанда алдымен «Қазақ» газеті ойға оралады. Бұл сол дәуірдегі бұқаралық ақпарат құралының айшықты түрі болатын. Ал, бұқаралық ақпарат құралдарындағы экологиялық ахуалды медиаэкологияның бір қыры ретінде қарастыруға болады. С.Демирел атындағы университеттің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Нұрлан Асқаров: «Бұқаралық ақпарат құралдары жалпы қоғамдағы медиа экологиялық ахуалды қалыптастырады. БАҚ-тың қоғам өміріне тигізетін жағымды әсерін, яғни: ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және сақтау, одан әрі дамыту; аудиторияның ақпаратқа деген талғампаздық деңгейін жетілдіру, өсіру; ұлттық аудиторияның гомоненділігін сақтау; біртұтас әдеби тіл нормасының қалыптасып, дамуына үлес қосу; ұлттық ақпараттық кеңістікті отандық сапалы медиаөніммен (контентпен) толтыру және онда бос орын қалдырмау; қоғам мүшелері арасында берілген ақпараттарға сын көзбен қарау арқылы жағымсыз ықпалдарға қарсы медиаиммунитет жасау; сыңаржақтылыққа ұрынбай, бейтарап ақпарат тарату; адамзаттық және ұлттық деңгейде қалыптасқан ізгі құндылықтар мен әдеп нормаларына сай ақпарат тарату; ұлттық біртұтас ақпараттық күн тәртібін орнықтыру және тағы басқа бұқаралық ақпарат құралдары функцияларын қолдауға және арттыруға бағытталған шараларды қабылдай отырып, оның жағымсыз ықпалын азайтатын, алдын алатын және болдырмайтын тетіктерді енгізген орынды. Бұған бұқаралық ақпарат құралдары жүйесінің әлеуметтік институт ретінде қоғам мүддесі мен игілігіне риясыз қызмет ету секілді өз табиғаты мен кәсіптік мәніне сай қызмет еткен кезде ғана қол жетеді»-деген тұжырым айтады [2, 64]. Яғни, ұлтқа риясыз қызмет ету дағдысын жетік меңгерген ұтшыл азаматтың өз дәуіріндегі іс-әрекеттерін медиа экологияның бастамасы ретінде қарауға мүмкіндік бар.

Медиа-экология байланыс құралдарының адамның қабылдауына, түсінуіне, сезімдері мен құндылықтарына қалай әсер ететінін зерттейді; және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу біздің өмір сүру мүмкіндігімізді қалай жеңілдетеді немесе төмендетеді. «Экология» сөзі қоршаған ортаны зерттеуді білдіреді: оның құрылымы, мазмұны және адамдарға әсері. Ақыр соңында, қоршаған орта - бұл адамдарға ойлау, сезім және мінез-құлықтың белгілі бір тәсілдерін жүктейтін күрделі хабарлама жүйесі. Ол біз көре алатын, сөйлей алатын және жасай алатын нәрсені құрылымдайды. Ол бізге рөлдерді тағайындайды және оларды ойнауды талап етеді. Осы айтылғандарды негізге алатын болсақ, Байтұрсынұлы өзіне берілген көшбасшылық, ағартушылық, ақындық миссиясын толық орындады.

Ахмет Байтұрсынұлы жазбаларындағы медиаэкологияның сипаты туралы сөз қозғамас бұрын оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі орнын, қазақ медиа саласындағы еңбегіне тоқталып өткен абзал болады. «... өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлттың шын сүйетін шын ұлтшыл» - деп, мүдделес замандасы Сәкен Сейфуллин баға беріп кеткендей, шын мәнінде Ахмет Байтұрсынұлы ұлты үшін талай тағдыр тауқыметін тартты [3, 116]. Өйткені, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі Ахмет Байтұрсынұлы қиын кезеңде өмір сүрді. Ол ұлты үшін өмірін тәуекелге тіккен күрескер ғана емес, ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі болды. Сондай-ақ, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы еді. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған. Сол үшін оның өмірі мен қызметі үнемі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болғанын айта кету керек. 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылған кезде де қазақ қоғамына ықпалын тоқтатпаған. Соны ескерген Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Орынборда жүріп, 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет арқылы қазақ қоғамының медиа экологиясын жақсартуға үлес қосты. «Қазақ газеті» арқылы саяси

теориялық бағыт-бағдар беріп отырды. Мұхтар Әуезовтің Ахмет Байтұрсынұлы туралы айтқан мына сөздері оның қазақ даласының еркіндікке, азаттыққа ұмтылысын жан-тәнімен қолдап, осы бағытта медиалық жағдайдың ықпалды дамуына үлес қосқандығын айғақтайды. Онда Әуезов: «Ломоносовтың бойында екі түрлі қабілет бар-ақындық пен ғалымдық, оның соңғысы алғашқысына қарағанда күштірек»- деген еді В. Белинский. Осыған ұқсас жайды Ахмет бойынан да көреміз. Оның ақындығын ғалымдығы жеңіп кетті... Қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашан да тарих биігінде тұрады» - деген пікір айтқан болатын [4].

Медиа экология байланыс құралдарының адамның қабылдауына, түсінуіне, сезімі мен құндылығына қалай әсер ететіндігі туралы; біздің бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесуіміз біздің өмір сүру мүмкіндігімізді қалай жеңілдететіні немесе кедергі болатыны туралы мәселені қарастыратынын ескерсек, Ахмет Байтұрсынұлының алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағы арқылы оның қазақ қоғамына қалай әсер еткендігін талдай аламыз. Жинақ 1909 жылы Санкт-Петербургде жарық көрді. Ақын осы «Қырық мысалы» арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсады және ол шығармалар сол қоғамдағы адамдардың ғана емес, қазіргі ХХІ ғасырда да өзектілігін жойған жоқ. Байтұрсынұлы осы еңбегіндегі әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. Сол арқылы өзі өмір сүрген қоғамдағы қазақ қауымының медиа саласына, оның экологиясының жағымды өріспен дамуына ықпал еткен.

Байтұрсынұлының медиа экологиялық тазалыққа жетелеп, медиасауаттылыққа тәрбиелейтін екінші кітабы — «Маса». Ол 1911 жылы жарыққа шығып, қалың ұйқыда жатқан ұлттың намысын оятты. Маса кішкентай ғана жәндік болғанымен үлкен адамның ұйқысын қашырып, мазасын алуға қауқары жететін жәндік. Осы масаны мысалға келтіріп, надандықтан құтылу үшін ұйқысынан оятуға маса сияқты ызыңдаса нәтиже болар ма, сәл де болса ұйқысын қияр ма деп талпынады. Маса секілді майда жәндікті Қасиетті Құранда да мысалға келтіреді. 14 ғасыр бұрын түскен Құранда жазылған маса туралы кереметтерді қазіргі ғалымдар енді анықтап, жаңалық ашып жатқанын білеміз. Қасиетті Кітапта: «Расында Алла масаны (шіркейді), одан да зорғыны мысал келтіруден ұялмайды. Мүміндер оның Раббыларынан түсірілген ақиқат екендігін біледі. Ал енді қарсы болғандар: «Алланың бұл нәрселерді мысалға келтірудегі мақсаты не?» - дейді. Алла ол мысал арқылы (оған иланбаса) көптегенді адастырып, әрі онымен (оған иланса) көптегенді оңғарады. Ал адастырғанда тек бұзықтарды ғана адастырады» - деп, «Бақара» сүресінің 26-аятында келтіреді [5, 8].

«Бізындап, ұшқан мынау біздің маса,

Сап-сары, аяқтары ұзын маса.

Өзіңе біткен түсі өзгерілмес,

Дегенмен, қара яки қызыл маса.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,

Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.

Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызыңдаса?».

Қорыта айтқанда, «Алаш қозғалысы» атты үш томдықтың алғашқы томында: «Алаш қайраткерлерінің күрес қарымы мен рухани ұстанымы, көзқарастарының қалыптасу жолы туралы деректерді біріктіре әрі кіріктіре қамту мүмкін емес еді. Сөйтіп, бұл бағыттағы дерекнамаларды «Біртұтас Алаш идеясы» атты тұжырымдамалық еңбектің еншісіне қалдырдық» - деп [6, 7], Тұрсын Жұртбай ағамыз жазғандай, біз де Байтұрсынұлының саяси еңбектері мен шығармаларындағы медиа экологияны тереңірек зерттеуді болашақ ғалымдардың еншісіне қалдырдық. Себебі, кішкентай ғана ғылыми мақалада осыншалық ауқымды ақпаратты қамту мүмкін емес.

1909 жылы жарыққа шыққан «Қырық мысал» кітабына Байтұрсынұлы өз қаражатын жұмсағанын, ол Ғылым академиясының баспаханасында 3 000 данамен басылғанын Максұт

Бекметов деген кыргыз ақынының жазба деректерінен көруге болады. Яғни, халықтың сауатын ашу, қазақ қоғамында жағымды медиа кеңістік қалыптастыру үшін Алаш зиялыларының күш-жігерімен қоса қаражаттарын да аямағанын аңғаруға болады. Сонымен қатар, халықтың Ахмет сияқты зиялысының сөзіне құлақ түргенін, оның пікірімен санасқанын және сол арқылы қоғамдық санаға әсер ете алғанын көреміз. Қайым Мұхамедхановтың «... Бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып, сүйсінеді» - деген сөздері осы айтқанымыздың айғағы болмақ. Осылайша Алаш зиялылары, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы өзі өмір сүрген қоғамда жағымды медиа экологиялық жағдай жасай білген медиасауатты реформатор десек артық айтқандық емес.

Әдебиеттер тізімі

1. О.Озганбай. Государственная Дума России и Казахстан (1905-1917). Алматы, 2006. – 320 б.
2. Н.Асқаров. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы экологиялық ахуал: жағымсыз ықпалдар мен олардың алдын алу шаралары // Ақиқат ұлттық қоғамдық-саяси журналы. №6. 2017 (маусым).
3. А.С.Исмакова. Возвращение плеяды. Алматы, «Ғылым». – 2002. – 198 б.
4. Ахмет Байтұрсынұлы туралы айшықты ойлар. Заманауи Қазақстан. [Электрон. ресурс]. – 2016. – URL: https://vk.com/wall-103226120_86649 (жарияланған күні 06.09.2016)
5. Құран Кәрім. Мағыналар және түсіндірмелердің аудармасы. – Алматы, 2015. – 776 б.
6. Т.К.Жұртбай. Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над Алашевцами. – Алматы, «Ел шежіре». – 2011. – 415 б.

TÜRKMEN POEZIÝASYNDA LIRIKI GAHRYMAN MESELESİ (KERİM GURBANNEPESOWYŇ, GURBANNAZAR EZIZOWYŇ WE ITALMAZ NURYÝEWIŇ DÖREDIJILIGINIŇ MYSALYNDA)

Вопрос лирического героя в туркменской поэзии (в примере творчества Керим Курбаннепесова, Курбанназара Эзизова и Италмаза Нуриева)

*ТАЧМАММЕДОВА Т.А.,
filologiya ylymlarynyň kandidaty,
TYA-nyň Magtymguly adyndaky Dil,
edebiyat we milli golyazmalar instituty,
Türkmenistan, Aşgabat*

Аннотация. Тянуть ношу туркменской поэзии во второй половине XX века, в основном, 1950-1960 годы приходится на долю придшедшим в арену литературы К. Курбаннепесову, М. Сейидову, Н. Байрамову, А. Омаровой и современникам их. Появившиеся вслед этих писателей и поэты как Г. Эзизов, Н. Кулиев, А.Агабаев, И. Италмазов становятся большой силой, которая содействует тянуть ношу поэзии и вскором они находят своих читателей. Те конец 50-ых годов и начала 60-ых годов К. Курбаннепесов, вследом его присединяются с большим темпераментом к арене литературы поэты, которые поднимают поэзию к новым высотам. Они описывая тонкой поэтичностью характер и природу свойственного лирическому герою, выводят туркменскую поэзию в новый качественный ступень. В этом периоде творчество молодых поэтов поднимает туркменскую поэзию на новые ступени поэзию, в тоже время целую туркменскую поэзию. В произведениях поэтов новый поиск, новая находка являлись не только их творческими успехами, но явились успехами целой поэзии и литературы.

В самом деле, главный жанр литературы искусство поэзии служило в развитии мышления народов, людей, обычаев их, сотрудничества друг с друзьями, а так же в развитии взаимосвязи. В творческом мастерской известных предствителей того времени точно поняли о высоком и всестороннем значении поэзии. Такими средствами закрепление идеи произведения превращается к свойственному традицию.